


СЕМИОСФЕРА

Таңба проблемасы және мәдениет ТИПОЛОГИЯСЫ

2-тарау. Ойшыл әлемдер арасында





Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 14. Таңба проблемасы және мәдениет типологиясы

Алдыңғы дәрісте өзінің түпкі мақсаты: «шын мәнінде қалай болғанын» қалпына келтіруге талпынатын тарих ғылымының жолында кездесетін қиындықтарды қарастырдық. Әлбетте, «тарих ғылым ретінде мүмкін бе, не ол білімнің мүлде басқа түрі болып табыла ма?».

Тарих ғылымының жолында кездестіретін қиындықтары бірқилы, бірақ бірегей емес деп пайымдап көрейікші. Бірқилы, себебі бұл қиындықтар дәл осы тарих ғылымының қиындықтары. Бірегей емес, себебі олар қазіргі заманның кейбір жалпы ғылыми әдістемелік проблемаларын түрлендіреді. Ғылымның әртүрлі салаларында бірдей проблема, атап айтқанда, тіл проблемасы, сипаттау метатілі мен сипатталатын нысанның өзара іс-қимылы өзекті сипат алады. Мәліметтерді түйсіну мен түйіндеудің әдеттегі тәсілдеріне дәйектілік жатқызылған, ал сипаттаушы әлемнің сипатталушы әлемге қатысты көзқарасы деген проблема көп ешкімді толғандырмаған аңғал әлемнен, ғалым болмысты «ақиқат тұрғысынан» қарастырған әлемнен ғылым салыстырмалылық әлеміне көшті. Тіл мәселелері енді барлық ғылымдарға қатысты бола бастады. Шындығында, бұл жерде мәселенің мән-жайы мынадай: ғылым, Ренессанстан кейін қалыптасқан түрінде, Декарт пен Ньютонның идеяларын негізге алып, «ғалым сыртқы бақылаушы болып табылады, өз нысанына сырттан қарайды, сондықтан абсолютті «объективті» білімі бар» деген түсінікке сүйенді. Қазіргі ғылым өзінің әртүрлі салаларынан – ядролық физикадан бастап лингвистикаға дейін – ғалымды өзі сипаттайтын әлемнің ішінен және сол әлемнің бір бөлшегі ретінде көреді. Бірақ нысан мен бақылаушы, әдетте, әртүрлі тілдермен сипатталады. Демек, әмбебап ғылыми міндет ретінде аударма проблемасы туындайды.

Тарих ғылымы да осы кезеңді бастан кешіреді. Білімнің басқа салаларындағы сияқты, оның да түбегейлі өзгеріс тудыратыны заңды жайт. Әдеттегідей, ұлы дәуірлер аралығында тағы да мына бір ескі сұрақ туындайды: «Ақиқат деген не?». «Абсолютті көзқарасқа» деген аңғал сенімнен тарих семиотикасына өту дереккөз тілін зерттеуші тіліне аудару проблемасын алға тартады. Бұл проблеманың мәні оны тарихи білім әдістемесінің алдыңғы даму жолының анағұрлым толық қорытындыларымен салыстыру арқылы белгілі болмақ. Тарихшы мен тарих адамзат мәдениетінің біртұтас кеңістігінің ішінде тұр, бірақ олар, түптеп келгенде, әртүрлі тілдерде сөйлейді және олардың қатынастары асимметриялы. Бұдан тарихтың мәдениеттегі тағы бір функциясы туындайды. Тарихты көбінесе адамзаттың жады деп атайды, бірақ осы тұжырымды сирек ойға алады. Егер тарихтың функциясы – бұрынғыдай «өткенді шын мәнінде қалай болғанын елестету» талпынысы болса, онда жад – мазмұны өткен шақ болып табылса да, осы шақта ойлау құралы болмақ. Басқаша айтқанда: жад мазмұны өткенді құрайды, бірақ онсыз «қазір» және «осы жерде» ойлау мүмкін болмайды, бұл – өзекті ұғыну процесінің түпкі негізі. Ал егер тарих мәдениеттің жады болса, онда бұл оның өткеннің ізі ғана емес, сонымен қатар қазіргінің белсенді тетігі де екенін білдіреді. Егер қандай да бір метафора түрінде жадта сақтау қабілетін елестету керек болса, онда бұл жерде сөрелеріне кітаптар қойылған кітапхананың образы, немесе тіпті жадында қисапсыз мәліметтер сақталған компьютер дұрыс болар деп айта алмаймыз. Жадты өткенді қайта жаңғыртатын генератор, кейбір импульстардың нәтижесінде сана арқылы өткенге ойысатын ойдағы ақиқатты тудыру қабілеті деп елестеткен дұрыс болар. Бұл қабілет жалпы ойлау процесінің ажырамас бір бөлшегі.

Мәдениет жады мен оның өзіндік рефлексиясының өзара қатынасы ұдайы диалог түрінде құрылады: кейбір мәтіндер хронологиялық тұрғыда ертеректегі қабаттардан мәдениетке оның қазіргі тетіктерімен өзара әрекеттесе отырып енгізіледі, тарихи өткеннің образын тудырады, ал бұл образ мәдениет арқылы өткенге өтеді де, енді диалогтың тең құқылы қатысушысы ретінде қазіргіге ықпал етеді. Бірақ өзгерген қазіргінің аясында өткен де бейнесін өзгертеді. Бұл процесс құр өзі өтпейді: диалогтың екі қатысушысы басқа қайшылықтарда да серіктестер болып табылады, екеуі де сырттан жаңа мәтіндердің баса көктеп кіруіне ашық болады, ал мәтіндер, жоғарыда ерекше атап өткеніміздей, қашанда жаңаша түсіндіру мүмкіндіктеріне ие. Бұған қоса, тарихи өткеннің бұл образы ғылыми емес болса да, ғылымға қарсы емес. Ол өткеннің ғылыми образымен басқа болмыс ретінде қатар жүреді және онымен де диалогтық негізде өзара әрекет етеді.

Болашақтың әртүрлі болжамдарының мәдениет ғаламының бұлжымас бөлігін құрайтыны іспетті, оның да «өткеннің болжамдарынсыз» тасы өрге домаламас. Жеке адамның зияткерлік аппараты ой еңбегін жалғыз өзі атқармайды. Семиотикалық жүйелер, әрқайсысы жеке және барлығы бірге семиосферада бірлікте, бір-біріне ілесе, тарихи жадтың бүкіл тереңдігінде



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 14. Таңба проблемасы және мәдениет типологиясы

зияткерлік операцияларды жүзеге асырады, ақпаратты сақтайды, өңдейді, көлемін ұлғайтады. Тіл – біздің санамыз тудыратын және ми тетіктеріне тікелей тәуелді дүние екені мәлім. Сол сияқты, ой – біздің ішімізде, бірақ біз де – ойдың ішіндеміз. Ал егер де біз тілдің тереңіне тастай батпасақ, миымыз оны тудыра алмас еді. Тура сол сияқты ой – әрі адам миы тудыратын бір дүние, әрі бізді қоршаған өріс. Сайып келгенде, әлемнің кеңістіктік образы біздің ішімізден де, сыртымыздан да орын табады. Біз орасан зор зияткерлік механизмнің әрі бір бөлшегіміз, әрі баламасымыз. Мұндай тұрпаттағы зерттеудің біршама қиындығы да, зор маңызы да осы. Қарымымыздың да құлашы кеңейе түседі: көркем мәтіннің құрылымын, бас миының үлкен жартышарының функционалдық асимметриясының жұмысын, ауызекі сөйлеу немесе керең-мылқаулардың қарым-қатынас проблемаларын, қазіргі әлемдегі жарнаманы немесе көне мәдениеттердегі діни түсініктер жүйесін зерделейміз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда – адамзаттың бірыңғай зияткерлік өмірінің әртүрлі тетіктерін танып-білеміз. Біз – сол өмірдің ішіндеміз, бірақ ол да – бүтіндей біздің ішімізде. Бір мезетте әрі «матрешка», әрі қисапсыз диалогтардың қатысушысы, әрі бүкілінің баламасы, әрі өзгелер үшін де, өзіміз үшін де «өзге» бола отырып, біз – әрі зияткерлік галактикадағы планетамыз, әрі оның ғаламының образымыз.

Мәдениет адамзат тарихының күрделі және кең ұғымдарының бірі болып табылады. Мәдениетті тарихи тұрғыда зерделеу, яғни оның тағдырын, даму жолын, таптарға бөлінген қоғамдағы таптық мәдениеттердің пайда болуын зерделеу көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Мәдениет құбылысының мәнін логикалық, дедуктивті тұрғыда адамзаттың онсыз күні жоқ қандай да бір тұрақты құрылым деп айқындау үшін тындырылған жұмыс көп емес. Осы бір зор және күрделі проблеманы шешуде мәдениетті семиотикалық құбылыс ретінде қарастыру белгілі бір көмегін тигізуі мүмкін. Бұл ретте жалпы логикалық тәсіл сияқты, семиотикалық зерделеу де тарихи зерделеуді жоққа шығармайтынын атап өткен абзал. Біріншісі екіншісімен қоян-қолтық әрекет етеді, оның деректеріне сүйенеді және, өз кезегінде, оған жол салады.

Адамзаттың өмір сүргісі келеді, аман қалуға ұмтылады. Осы бір қарапайым ақиқат жеке тұлғаның мінез-құлқының да, дүниежүзі тарихының да негізінде жатыр. Тәжірибе қанша жерден қарапайым, қанша жерден айдан анық ақталған болса да, осы мақсатты жүзеге асыру орасан зор қиындықтармен байланысты екенін көреміз. Адамзаттың дамуы өндірістің қажеттіліктерден ұдайы артта қалу жағдайында жүзеге асып келеді. Адамзаттың ерте тарихындағы сан ғасырлар бойында кедейлікпен шектес материалдық мұқтаждық көпшілік адамдарға тиген сыбаға болды. Бірақ жаңа дәуірде де адамның онсыз күні жоқ ең қарапайым деген қажеттіліктер де адамзаттың көбі үшін оңай міндет бола қоймайды. Бұл жағдайда адамдардың бар күш-жігері материалдық игіліктерді тікелей өндіруге жұмсалып, ал қалған дүниенің бәрі аса зәру қажеттіліктер қамтамасыз етілгенге дейін шегерілуі тиіс сияқты көрінді. Тарих тәжірибесі – сұсты сыншы. Ол ырыққа көнбестен сол жүйеге қажетсіздің бәрін бейне бір мамықтай ұшырады. Дегенмен адамзат тарихын қарастыра келе, қанша жерден өткеннің тереңіне бойласақ та, бізге қолжетімді күллі кеңістікте адамзат тікелей өндіріспен қатар өнерге, теориялық ойға, таным мен өзіндік танымға арнап күштер бөлетініне көзіміз жететіні қайран қаларлық жайт. Бұл ретте мұндай қызмет үшін қолынан ештеңе келмейтін және қоғамнан аластатылған адамдар емес, он саусағынан өнер тамған, қоғам игілігі үшін аянбай еңбек ететін адамдар бөлінеді. Ал жалпы адамзат тарихындағы көне құл иеленушілік сияқты маңызды кезең үшін қарама-қайшы жағдайды көрсетуге болады: тікелей өндіруші еңбек біліктілігі аз және шығармашылыққа жат құлдарға берілді. Ал халықтың анағұрлым белсенді, білімді және дайындалған топтары зәрулігі аса жоғары емес қызмет үшін босатылды.

Бірақ егер адамдар ұжымдары өзінің бүкіл тарихында белгілі бір қызмет түрі үшін белгілі бір күштерді бөліп отырған болса, онда табиғи қажеттілік болмады, адамзат жүйелі түрде қажетсіз нәрсе үшін аса қажетті нәрседен тартынды деп тон пішу қиын-ақ. Егер жеке адамның биологиялық тіршілігі үшін белгілі бір табиғи қажеттіліктерді қамтамасыз ету жеткілікті болса, онда ұжымның өмірі, ол қандай болмасын, қандай да бір мәдениетсіз мүмкін емес деп топшылауға болады. Кез келген ұжым үшін мәдениет ең аз өмірлік жағдайларға міндетті қосымша емес, дұрысы, онсыз тірлік беймүмкін міндетті жағдай.

Сайып келгенде, қайда барсақ та, мәдениеттен қашып құтыла алмаймыз. Мұның сыры неде?



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 14. Таңба проблемасы және мәдениет типологиясы

Адам баласының барлық қажеттіліктерін екі топқа бөлуге болады.

1) Бірі дереу арада қамтамасыз етуді қажет етеді және жинақтала алмайды. Ұлпалар белгілі бір мөлшерде оттегі жинақтай алады, бірақ бүтіндей адам ағзасы деңгейінде дем жинақтала алмайды. Ұйқыны да жинақтауға келмейді.

2) Кейбір қорларды жинау арқылы қамтамасыз етілетін қажеттіліктер ерекше топты түзеді. Олар ағзаның генетикадан тыс ақпаратты алуының объективті негізі.

Нәтижесінде ағзаның өзіне енетін бөтен құрылымдарға қатынасының екі типі пайда болады:

- бірі ағзаның өз құрылымына сол сәтте-ақ не салыстырмалы түрде тез арада қайта құрылады;
- басқалары өз құрылымын не оның түрілген арнасында сақталады да, жинақталып қалады.

Қандай да бір заттардың материалдық жинақталуына не қысқа я ұзақ мерзімді, жеке я ұжымдық формадағы жадқа кез болып тұрмыз ба, жоқ па, шын мәнінде, алдымызда ақпараттың көбею деп айқындауға болатын процесс тұр.

Сонымен, адам тіршілік үшін күресте екі қозғалысқа қосылған: біріншіден, ол материалдық, заттай құндылықтардың тұтынушысы, екіншіден, ақпарат жинақтаушы.

Екі тарап та өмір үшін қажет. Егер биологиялық түр ретінде адам үшін біріншісі жеткілікті болса, әлеуметтік тұрмыс екеуін де қажет етеді. Кезінде Тэйлор мәдениетті аспаптардың, техникалық жабдықтардың, әлеуметтік институттардың, салт-дәстүрлердің, діндер мен тілдердің жиынтығы деп айқындаған еді. Қазіргі уақытта анағұрлым жалпылама анықтама беруге болар еді, яғни бүкіл тұқым қуалаушылық емес ақпараттың, оны ұйымдастыру және сақтау тәсілдерінің жиынтығы. Бұдан сан түрлі тұжырымдар туындайды. Ең алдымен адамзаттың мәдениетсіз күні жоқ деуге негіз бар. Ақпарат – міндетті белгі емес, адамзат тіршілігінің негізгі шарттарының бірі. Аман қалу үшін күрес – мейлі биологиялық болсын, мейлі әлеуметтік болсын – бұл ақпарат үшін күрес. Мәдениеттің мәнін ақпарат деп түсіну бұл мәселеге мәдениет тасушыларының да, мәдениет күрескерлерінің де асқан қызығушылығын түсіндіреді. Ал олардың арасындағы қайшылықтар адамзат тарихының беттерін толтырды.

Алайда мәдениет – ақпараттың қамбасы емес. Бұл ақпаратты сақтайтын, сол үшін тиімді және ықшам тәсілдерді қалыптастыра отырып, жаңасын алатын, хабарламаны шифрлейтін және дешифрлейтін, оны бір таңбалар жүйесінен басқасына көшіретін аса күрделі ұйымдасқан тетік болып табылады. Мәдениет – икемді және күрделі ұйымдасқан таным тетігі. Мәдениет саласы – әрі ұдайы күрес, әлеуметтік, таптық, тарихи соқтығыстар мен қақтығыстар саласы. Әртүрлі әлеуметтік және тарихи топтар ақпарат үшін күресе отырып, оны өзіне иемденіп алуға талпынады. Бұл ретте қолданылатын құралдар құпия мәтіндер мен кодтардың және жалған ақпарат таратушы мәтіндерді құрастырудың арасында тербеледі. Ақпарат лезде қолданылатын жерде өтірік туындай алмайды. Өтірік ақпаратқа парапар негізде өрбиді және ақпараттың әлеуметтік қызметінің қарсы жағы болып табылады. Алайда мәдениеттің мәнін ақпарат деп айқындау ақпаратты беру мен сақтаудың негізгі категорияларына қатынасы туралы ең алдымен, тіл, мәтін ұғымдарына және осы ұғымдармен байланысты бүкіл проблемаларға қатынасы туралы мәселенің қойылуына әкеп соғады.

Мәдениет – белгілі бір жолмен ұйымдасқан таңбалық жүйе. Жүйеге арналған қағидалар мен шектеулердің қандай да бір жиынтығы ретінде көрініс табатын дәл осы ұйымдастыру сәті мәдениеттің айқындаушы белгісі. Леви-Стросс мәдениет ұғымын айқындай келе, Қағидалар бар жерде Мәдениеттің басталатынын баса көрсеткен екен. Оның ойынша, Мәдениетке Табиғат қайшы келеді. Бұдан «табиғи мінез-құлық адамға әр жағдай үшін бірден-бір мүмкін мінез-құлық ретінде берілген деген тұжырым туындайды. Ол автоматты түрде мәнмәтінмен айқындалады және оның баламалары бола алмайды. Сондықтан табиғи мінез-құлық нормалары тиісті «мінез-құлық мәтіндерінің» бүкіл аясын бүге-шүгесіне дейін қамтиды. «Табиғи мінез-құлыққа» қарсы қойылатын «теріс» табиғи мінез-құлық болмайды. Олай болмаған жағдайда «мәдени мінез-құлық» қалыптасады. Бұл міндетті түрде тым болмағанда екі мүмкіндікті тұспалдайды, олардың тек біреуі ғана «оң» бола алады. Сондықтан «мәдени мінез-құлық» ешқашан адамның табиғи мінез-құлықтан тыс саладағы барлық қылықтарын қамтымайды. Мәдениет Табиғатқа



ғана қарсы қойылмайды, сонымен қатар бей-мәдениетке, яғни функционалдық тұрғыда Мәдениетке тиесілі, бірақ оның қағидаларын орындамайтын салаға да қарсы қойылады.

Мәдениетті таңбалық жүйенің құрылымдық қағидаларына бағынышты деп айқындау оған тіл деп қарауға мүмкіндік береді.

Өмірді сақтап қалу – ақпарат жинау құралдарын топтау мен сақтау мүмкіндігі таңбалар мен таңбалық жүйелер, яғни тілдер пайда болған сәттен бастап мүлде басқа сипатқа ие және дәл осы сәттен кейін ақпарат жинаудың адамға тән формасы пайда болатындықтан, адамзат мәдениеті таңбалық және тілдік мәдениет ретінде құрылады. Ол сол ұжымда қабылданған табиғи тілді тірек ететін қосалқы жүйе сипатына ие және де өзінің ішкі түзіліміне қарай тілдің құрылымдық схемасын жаңғыртады. Бұған қоса, коммуникациялық жүйе болып табылатын және коммуникативтік функцияларды атқаратын мәдениет, түптеп келгенде, басқа семиотикалық жүйелер бағынатын конструктивтік заңдарға бағынуға тиіс. Бұдан мәдениетті талдауға жалпы семиотикада нәтижелі екені дәлелденген категорияларды қолдану қиын екенін көреміз. Алайда, бұдан әрі көретініміздей, адамдар ұжымының қандай да бір нақты мәдениетін де, жалпы Жердің Мәдениетін де бірыңғай тіл ретінде, яғни бірыңғай иерархиялық құрылым бойынша ұйымдасқан таңбалар мен оларды тұтастырудың иерархия бойынша бірегейлендірілген қағидаларының жүйесі ретінде, кейде аса абстрактілі белгілі бір метадеңгейде ғана қарастыруға болады. Тыңғылықты мән беретін болсақ, әр ұжымның мәдениеті тілдердің жиынтығынан тұратынына және оның мүшелерінің әрқайсысы өз алдына «полиглот» бола алатынына көз жеткізу қиын емес. Әр мәдениетті оны құрайтын «тілдерге» бөлу арқылы типологиялық салыстырулар үшін нық негіз аламыз: мәдениеттің тілдік құрамы, оның құрамдық құрылымдарының арасындағы қатынас мәдениеттердің типологиялық туыстығы жайлы пайымдауға негіз береді. Демек, мәдениет – семиотикалық жүйелердің бірыңғай иерархияға жинала алатын, бірақ дербес жүйелердің селбесуі де бола алатын тарихи қалыптасқан шоғыры. Бірақ мәдениет семиотикалық жүйелердің белгілі бір тіркесін ғана емес, сондай-ақ сол тілдерде тарихи орны бар хабарламалардың бүкіл жиынтығын да қамтиды. Мәдениетті мәтіндердің жиынтығы ретінде қарастыру, мәдениеттану модельдерін құрастырудың ең оңай жолы бола алар еді.

Мәдениеттің тілге тиек еткен екі ерекшелігі, атап айтқанда, оның көптілділікке ұмтылуы және оның бей-мәдениет аясында және онымен күрделі арақатынаста қызмет ету арқылы қолда бар мәтіндердің барлығын бірдей қамтымайтындығы – мәдениет жұмысының нағыз тетігін адамдар ұжымдары мен жалпы адамзаттың ақпараттық қоры ретінде айқындайды. Бірдей мәтіндерді басқа семиотикалық жүйелерге ауыстыру, әртүрлі мәтіндерді сәйкестендіру, мәдениет мәтіндері мен одан тыс орналасқан мәтіндердің арасындағы шекараларды көшіру ақиқатты мәдени тұрғыда ұғыну тетігін құрайды. Ақиқаттың қандай да бір бөлігін кез келген мәдениет тіліне көшіру, оны мәтінге, яғни белгілі бір жолмен тіркелген ақпаратқа айналдыру және бұл ақпаратты ұжымдық жадқа енгізу – Міне, күнделікті мәдени қызмет саласы осындай. Қандай да бір таңбалар жүйесіне аударылған нәрсе ғана жадтың игілігі бола алады. Бұл тұрғыда адамзаттың зияткерлік тарихын жад үшін күрес ретінде қарастыруға болады. Кез келген мәдениетті бұзудың жадты жою, мәтіндерді өшіру, байланыстарды үзу түрінде өтуі кездейсоқ емес. Белгілі бір сана типі ретінде тарихтың пайда болуы ұжымдық жад формасы. Өмірді мәтінге айналдыру – оқиғаларды түсіндіру емес, ұжымдық жадқа енгізу. Ал бірыңғай ұлттық жадтың болуы бірыңғай ағза түрінде ұлттық ұжымның өмір сүру белгісі болды. Жалпы жад тіршіліктің саналы тұтастығының дәйегі. Бұл тұрғыда прагматикалық баяндағы тарихи мәтіндер емес, дәл осы жылнамалар мен оларға функциясы жағынан жақын ескерткіш таңбалар оқиғалардың түсіндірмесін емес, олар туралы естелікті қамтамасыз етеді, ұжым үшін тіршілік таңбасының функциясын атқарады.

Әлемді оны мәтінге айналдыру арқылы ұғыну, оны «мәдениеттендіру», түптеп келгенде, қарама-қайшы екі көзқарасқа жол береді.

1. Әлем – мәтін. Ол мағыналы хабарлама. Адамның әлемді мәдени тұрғыдан ұғынуы – оның тілін зерделеу, осы мәтіннің шифрын ашу, оны адам түсінетін тілге аудару дегенді білдіреді.

2. Әлем – мәтін емес. Оның мағынасы жоқ.



Кітап: Семиосфера

Тарау: 2. Ойшыл әлемдер арасында

Дәріс: 14. Таңба проблемасы және мәдениет типологиясы

Мәдениеттендіру – әлемге мәдениет құрылымдарын дарыту деген сөз. Ой мен ақиқаттың арақатынасына кантшыл көзқарас осындай. Басқа тұрғыда «варварлық» әлемді оған өркениет құрылымдарын енгізу арқылы мәдени тұрғыда ұғыну тұжырымдамасын айта кеткен абзал. Бұл жағдайда мәтінді аударумен емес, бей-мәтінді мәтінге айналдырумен жұмыс жасаймыз. Орманды егіс даласына айналдыру, батпақты құрғату не шөл даланы суару, яғни мәдениеттен тыс пейзажды мәдени пейзажға аударудың барлығы – беймәтінді мәтінге айналдыру ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл тұрғыда, мәселен, орман мен қаланың арасында түбегейлі айырмашылық бар. Қала адам өмірінің сан сыры мен қыры жайлы әлеуметтік таңбалардан тұратын ақпаратты арқалайды, яғни кез келген өндірістік құрылымдыкі сияқты межеде мәтін болып табылады.

Материалдық мәдениет ескерткіштері, олардың қоғамында жасалып, қолданылған өндіріс құралдары екі түрлі рөл ойнайтынын еске сала кеткен жөн: бір жағынан, олар практикалық мақсаттарға қызмет етеді, екінші жағынан, өзіне өткен еңбек қызметінің тәжірибесін жинақтап, ақпаратты сақтау және беру құралы ретінде қызмет етеді. Бұл ақпаратты көптеген тура арналар арқылы алуға мүмкіндігі бар сол заманның адамы үшін бірінші функция негізгісі. Бірақ жас ұрпақ үшін, мәселен, археолог не тарихшы үшін, әлгі функцияны екіншісі толықтай ығыстырады. Бұл ретте, мәдениет құрылым болғандықтан, зерттеуші еңбек құралынан өндіріс процесі туралы ақпаратты ғана емес, сонымен қоса отбасы құрылымы мен ұжымды ұйымдастырудың басқа да формалары туралы мәліметтерді ала алады. Мәдениетті осы тұрғыдан қарастыру мәдениет типтерін ерекше тілдер ретінде сипаттауға болатынына көзімізді жеткізеді, демек, оларға семиотикалық жүйелерді зерделеу кезінде пайдаланылатын әдістерді қолдануға да болады деген сөз. Алайда, әртүрлі мәдениеттердің нақты мәтіндері өз шифрын ашу үшін жай бір кодты емес, күрделі кодтар жүйесін талап ететінін атап өткен абзал. Бұл жүйе кейде иерархиялық тұрғыда ұйымдасуы мүмкін, кейде әртүрлі жай жүйелердің өзінен өзі бірігуінің нәтижесінде пайда болуы және мүмкін. Алайда бұл күрделі бірлікте кодтаушы жүйелердің бірі басым болатыны сөзсіз. Бұл коммуникативтік жүйелердің әрі модельдеуші жүйе болып табылатынымен және де мәдениеттің әлем моделін құрастыра отырып, сонымен қатар бір элементтерін асқақтатып, енді бір элементтерін аластатып, өзінің де моделін құрастыратынымен байланысты. Осылайша, зерттеуші қандай да бір мәтінді қарастыра келе, одан кодтаушы құрылымдардың күрделі иерархиясын көруі мүмкін, ал осы жүйенің тереңіне бойлап кеткен сол заманның адамы бәрін осы бірыңғай құрылымға жинақтауға бейім. Сондықтан әртүрлі әлеуметтік-тарихи ұжымдар құрылымдық мүмкіндіктер жинағынан мәтіндердің әлем модельдеріне сай келетінін таңдау арқылы оларды құрастырады не қайта мән береді деген түсінік те мүмкін болып шығады.